



Ақмешіт

21 сәуір
сейсенбі
№29 (2241)
2026 ЖЫЛ

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

23 СӘУІР – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

Қоғам дамуының басты көрсеткіштерінің бірі – халықтың рухани деңгейі. Рухани бай елдің іргесі берік болары сөзсіз. Оқитын ұлт қалыптастыру жолында Мемлекет басшысы бірқатар бастама көтерді. «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу», – деген. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Ұлттық кітап күнін атап өтуді ұсынды.

СМАРТФОНҒА ТӘУЕЛДІ ҰРПАҚ КІТАП ОҚИ МА?



«Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Токсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылды. Кейінгі жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітапқұмарлық – өте жақсы қасиет. Көптеген мемлекет Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Бізде осы тәжірибені қолдануымыз керек, – деді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің бұл бастамасы қоғамда қолдау тапты және елдің мәдени-рухани дамуы үшін маңызды қадам ретінде бағаланды. Биыл елімізде бұл мереке екінші рет атап өтілген.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жас ұрпақтың кітаппен дос болуы керектігін үнемі еске салып келеді. Ел Президенті жақында ғалымдарды марапаттаған сәтінде бұл тақырыпқа тағы да тоқталып өтті.

Жақында АҚШ соттарының бірі шығарған шешімге сәйкес, кейбір интернет-платформалардың алгоритмі балаларға зиян келтіріп, психологиялық тұрғыдан тәуелді ететіні мойындалды. Біз бұдан сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесін әлеуметтік желілер мен видеосервистердің болауына беріп қоюға болмайды. Бұл қосымша зерттеуді қажет етпейтін факт. Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы, осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап – білім бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ. Кітап оқыған сайын танымың тереңдейді. Кітап ақылойды шыңдап, дүниетанымыңды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімін күшейтетіні белгілі. Тауда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтеді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық баспа саласының жұмысын жүйелеп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс. Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналғаны жөн. Ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Шынында, бұл – дәл қазіргі сәттегі маңызды мәселенің бірі. Кітап – адамзаттың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесі мен даналығының қоймасы. Ұлттық құндылықтарды сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуде оның ролі зор. Ұлттық кітап күнін атап өтудің маңыздылығында осында, ең алдымен кітап оқуды насихаттау. Яғни, бұл күнді атап оту елімізде оқу мәдениетін дамытуға бағытталған маңызды қадам. Айтуды мереке кітап оқуға деген қызығушылықты арттырып, ұлттың зияткерлік әлеуетін нығайтуға септігін тигізеді. Қазіргі цифрлық кезеңде жастардың бос уақытының басым бөлігі әлеуметтік желілерде өтетіні жасырын емес.

Президент атап айтқандай, Ұлттық кітап күні – білімге құштарлықты, ізденісті, кітап оқуға деген сүйіспеншілікті дәрпиттейтін маңызды күн. Кітап оқыған ұрпақ – озық ойлы, кемел қоғамның негізі. Сапалы ұлт осындай құндылықтар арқылы қалыптасатыны сөзсіз.

ТАЗА ҚАЛА

КӨКТЕМГІ ТІРШІЛІК ПЕН ТАЗАЛЫҚ ТЫНЫСЫ

Қалада аяқсу беру маусымы басталысымен, арық-атыздарды тазалау жұмыстары да қатар жүреді. Қыс бойы жиналған лай мен қоқыстан тазартылған су арналары енді еркін ағып, жасыл желектің жайқалып өсуіне сеп болады. Уақытылы тазаланған арықтар қошкелердің көркін келтіріп, тұрғындарға жайлы орта қалыптастырады. Осындай жүйелі еңбектің нәтижесінде қала келбеті ажарланып, көктемгі тіршілік жаңа тыныс алады.



Өңірдің имиджіне тікелей әсер ететін маңызды көрсеткіштердің бірі – қала көркі мен тазалығы. Қалада жол ортасында арнайы техникамен су сүюіп жүрген техниканы көрген боларсыз. Бұл тазалық сақтау үшін табанды еңбек етіп келе жатқан «Қызылорда тазалығы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны. 2013 жылдан бері шаһарды абаттандыру және қоғалдандыру жұмысын атқарып келеді. Алғашында жауапкершілігі шектеулі серіктестік ретінде қызмет еткен мекеме 2013-2022 жылдар аралығында тұрақты даму жолынан өтті. 2022 жылы «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің құрамына қосылып, 2023 жылғы 26 қаңтарда қайта құрылып, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын мәртебесіне ие болды. Елеулі өзгеріс мекеменің қызмет аясын кеңейтіп, жұмыс тиімділігін арттыруға жаңа серпін берді.

Қала тіршілігінің қарқынды тазалық қызметінің ауқымынан байқауға болады. Мәселен, жыл басынан бері тұрмыстық қатты

қалдықтар полигонына 20 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылған. Күн сайын орта есеппен 150 тонна қоқыс тасымалданады. Сальтирмалы түрде айтсақ 2025 жылы бұл көрсеткіш әлдеқайда жоғары болған екен. Былтыр жыл ішінде 100 мың тоннаға жуық қоқыс шығарылып, тәуліктік көлемі шамамен 277 тоннаны құраған.

Бұл ретте сала мамандарының еңбегін қолдау артып келеді. Орташа жалақы мөлшері де жыл сайын өсіп, 2023 жылы 170000 теңге болса, 2024 жылы 230000 теңгеге жетіп, 2025 жылы 270000 теңгені құрады. Бүгінгі таңда кәсіпорында 538 штат бірлігі қарастырылған. Оның 523-і нақты қызметкерлермен қамтылған, ал бос орындар саны – 15. Қазіргі таңда «Қызылорда тазалығы» мекемесінде жалпы 178 техника бар. Оның ішінде 129-ы арнайы техника болса, 19-ы жеңіл автокөлік.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

САПА МЕН ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ МАҚСАТ



ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ КӨМЕК: ЖОЛ АЙНАЛАРЫ ОРНАТЫЛДЫ

Жол қауіпсіздігін арттыру және жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жаңадан салынған Тәуелсіздік көшесінде жол айналары орнатылды. Бұл – жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нақты әрі тиімді шаралардың бірі. Жол айналары бес бұрылысқа арнайы қойылған.

Қала әкімдігіндегілердің айтуынша, айналар жолдың қауіпті тұстарында, әсіресе қарсы бағыттан келе жатқан көліктерді немесе жаю жүргізушілерді уақытылы байқауға мүмкіндік беріп, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға көмегін тигізеді.

Жол айнаны дұрыс пайдалану – жүргізушінің жауапкершілігін арттырып, тәртіпті қозғалысқа ықпал етеді.

Қазіргі уақытта облыс орталығында құрылыс қарқынды жүріп жатқанын байқап жүріміз.

Аймақ басшысының бастамасымен Президент саябағында жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы, яғни қысқы бақ құрылысы қарқынды жүргізілуде. Осы уақытқа дейін атқарылған жұмыс барысын қала әкімі Нұржан Ахатов аралап көрді. Шаһар басшысы мердігер мекеменің мамандарымен кездесіп, құрылысшыларға ауқымды жобаның қауіпсіздігі мен сапасына мән беру керектігін айтып өтті. Құрылыс жұмысын «Alem Qurylys AQ» ЖШС-ті жүргізуде.

Лагердің құрылыс сапасы мен қауіпсіздігін арттыру үшін қатаң талап қойылады. Өйткені бұл лагерь еліміздегі баламасы жоқ балалардың демалыс орны болады. Ботаникалық бақ та сондай сураныстағы нысанның бірі. Сондықтан ел асыға күткен жобаларды межеленген мерзімде аяқтау керек, – деді шаһар басшысы.



ҚАЛАҒА АЯҚСУ КЕЛДІ

Себебі қаланы қоғалдандыруда су тапшылығы басты кедергіге айналатыны белгілі. Осы ретте қала аумағында аяқсу жүйесін ретке келтіру бойынша кешенді жұмыстар қолға алынған. Өткен аптада қалаға аяқсу берілді.

ЭКОНОМИКА

Бүгінгі жаһандық құбылыстар мен экономикалық тұрақсыздық кезеңінде Қазақстан экономикасының сыртқы факторларға тәуелділігі мен ішкі түйткілері қоғам талқысынан түспей тұр. Ресми статистикадағы экономикалық өсім мен халықтың нақты сатып алу қабілеті арасындағы алшақтық неден туындады? Инфляция мен салық саясатындағы өзгерістер шағын және орта бизнеске қалай әсер етпек? Осы және өзге де өзекті сауалдар тонірегінде белгілі экономист, тәуелсіз сарапшы Ерлан Кәрімовпен сұхбаттасудың сәті түсті.



Ерлан КӘРІМОВ, экономист, тәуелсіз сарапшы:

ҚАҒАЗДАҒЫ ӨСІМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫНА ЖЕТПЕЙ ЖАТЫР

– Қазақстан экономикасы сыртқы факторларға қаншалықты тәуелді және бұл тәуелділікті азайту үшін қандай нақты қадамдар қажет?

– Экономикамыз бастан өткерген түрлі сын-қатерлер еліміздің көптеген тауар мен қызметке, соның ішінде медициналық бұйымдар мен жоғары технологияларға деген импорттық тәуелділігін айқын көрсетті. Алдағы уақытта орын алуы мүмкін жаһандық өзгеріске қаншалықты дайын екенімізді және қауіп-қатерді еңсеру жолын қазірден бастап айқындап алуымыз қажет. Бүгінгі таңда Үкімет атқарып жатқан басым бағыттардың бірі – өндірісті локализациялау, яғни халықаралық компанияларды Қазақстан аумағында зауыт-фабрикалар ашуға жұмылдыру. Алайда ірі инвесторлардың келуіне екі негізгі фактор әсер етеді. Біріншісі – демографиялық көрсеткіш. Сала мамандарының пайымдауынша, ірі өндіріс орындарын ашу үшін елдегі халық саны кемінде 40 миллионға жетуі тиіс. Біздің жағдайымызда халық саны әзірге бұл межеден төмен болғандықтан, екінші бағытқа – халықтың сатып алу қабілетін арттыруға баса назар аудару керек. Тұрмыстық қажеттіліктер бойынша импортқа тәуелділіктің деңгейін қарапайым мысалмен-ақ түсінуге болады: елімізде тіс пастасын шығаратын бірде-бір ірі кәсіпорын жоқ. Егер сырттан келетін өнім тоқтаса, күнделікті тұтынатын тауарлар бойынша тығырыққа тірелеріміз анық. Сондықтан шетелдік компанияларды Қазақстанға тарту мен олардың өндірісін ашуға ынталандыру стратегиялық маңызды ие. Бұл ретте макроэкономикалық факторлардың тұрақтылығы шешуші рөл атқарады. Ең алдымен, инфляция деңгейін төмендетіп, бағаны ауыздықтау, сондай-ақ ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар еліміздің салық режимі көршілес мемлекеттермен салыстырғанда бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Мәселен, Қазақстанда қосылған құн салығы 16 пайыз болса, көрші елдерде бұл көрсеткіш 12 пайыз деңгейінде қалып отыр. Мұндай айырмашылық инвестиция ағынның тежелуіне әкеп соғуы мүмкін.

– Елімізде экономикалық өсім болғанымен, халық оның нәтижесін күнделікті өмірде толық сезіне бермейді. Себебі?

– Халықтың әл-ауқаты мен тұрмыс сапасы бүгінгі күннің басты тақырыбына айналып отыр. Ресми дерек бойынша Қазақстан экономикасы 6,5 пайыздық өсім көрсеткенмен, инфляция деңгейі 12,5 пайызды құрап, бұл көрсеткішті еселен басып озды. Бұл жағдай экономикалық даму мен нақты халықтың табысы арасындағы алшақтықты айқындап берді. Жанармай мен азық-түлік бағасы күн санап өссе де, жалақының дәл сондай қарқынмен көтерілуі халықтың сатып алу қабілетін төмендетуде. Осылайша, экономикадағы он динамика халықтың өмір сүру деңгейіне айтарлықтай әсер етпей отыр, бұл қазіргі қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйенсек, Жапония, Америка, Ұлыбритания және Аустралиядағы азық-түлік бағаларын Қазақстанмен салыстыру барысында таңғаларлық жайт байқалады. Біздегі көптеген тауар бағасы аталған елдерден арзан емес, тіпті кейбір позициялар бойынша бағалар бірдей деуге болады. Тек ет өнімдерінің бағасы ғана біздің елде біршама төмендеуі екені байқалады.

– Инфляция мен бағаның өсуі халықтың тұтыну әдетіне қалай әсер етіп жатыр?

– Осы жағдайға байланысты бүгінгі күннің ең маңызды сауалы туындайды. Инфляция мен бағаның тоқтаусыз өсуі халықтың тұтыну қабілетіне қаншалықты әсер етуде? Біз халықтың әл-ауқаты туралы айтқанда, статистикалық деректер мен шын-айы өмір арасындағы алшақтықты көреміз. Жоғарыда келтірілген көрсеткіштер бір жағынан экономика дамып жатқанын көрсеткенмен, екінші жағынан қымбатшылықтың өсіміді жұтып жатқанын білдіреді. Қағаз жүзіндегі экономикалық өсім халықтың нақты өмір сүру сапасын жақсартуға әлі де болса қауқарсыз болып отыр.

Ерлан КӘРІМОВ,
ЭКОНОМИСТ,
тәуелсіз сарапшы:

ҚАҒАЗДАҒЫ ӨСІМ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЛТАСЫНА ЖЕТПЕЙ ЖАТЫР

— Бүгінде Қазақстандағы шағын және орта бизнесті дамытуға ең үлкен кедергі қандай және ол қазіргі макроэкономикалық қысымға қаншалықты төтеп бере алады?

— Қазіргі таңда Қазақстандағы шағын және орта бизнесті мазалайтын басты мәселелердің бірі — салық режимі мен жаңадан қабылданып жатқан Салық кодексі болып отыр. Салық талаптарының қатаңдауы кәсіп иелерінің табысына кері әсерін тигізуі мүмкін, өйткені қосылған құн салығы өсіп, тексеру жиілеп кетті. Бұрын салық режимдерінің түрі көп болса, қазір олардың саны қысқарып жатқаны байқалады, бұл үрдіс алдағы уақытта кәсіпкерлік саласына өз әсерін тигізуі мүмкін.

Мемлекет қолдауы тек қаржы бөлумен шектелмеуі тиіс. Бүгінде ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлерге берілетін түрлі субсидиялардың мақсатын пайдалану, тіпті жымқыру фактілерінің жиілеуі үлкен мәселеге айналды. Мұндай тәсіл көлеңкелі экономиканың үлесін арттыра түсетіндіктен, оның орнына бизнеске салықтық жеңілдіктер ұсынып, инфрақұрылымдық қолдау көрсету қажет.

Бизнестің дамуына электр қуатының тапшылығы, желілердің тозуы, жол сапасы мен су мәселесі тікелей кедергі келтіреді. Егер мемлекет осы инфрақұрылымдық шығындарды өз мойнына алса, бұл кәсіпкерлер үшін әлдеқайда тиімді көмек болар еді. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығына триллиондаған қаржы бөлінгенмен, оның нақты нәтижесі көрінбей отыр. Мәселен, жуырда Қостанай облысындағы мал шаруашылығына қатысты жағдай статистикадағы мәліметтердің шындыққа жанаспайтынын көрсетті. Сондықтан бәрине бірдей субсидия бере беру жемқорлық қаупін тудыратын қате тәсіл деп есептеймін.

— Сіздің ойыңызша, Қазақстан экономикасындағы ең өзекті мәселе қандай және алдағы жылдары ең үлкен тәуекелдер туралы айтсаңыз...

— Қазақстанның алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі ретінде климаттың өзгеруін атап өтуге болады. Еліміздің энергетика саласы әлі күнге дейін көмір жағуға негізделгендіктен, бұл жағдай экологиялық ахуалды қиындата түседі. Әсіресе, деректерді өңдеу орталықтары сияқты заманауи бағыттардың энергияны көп тұтынуы және ескірген технологиялардың қолданылуы қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтіріп жатыр.

Климаттық сын-кәтерлердің ішінде су мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Қазақстан қазір өзінде су ресурстарына тәуелді мемлекет ретінде ауыл шаруашылығындағы тапшылықты сезініп отыр. Осы арада еліміз үшін ең маңызды екі басымдық айқындалды: оның біріншісі — климаттың өзгеруі болса, екіншісі — инфрақұрылымның әбден тозуы. Егер бұл мәселелер уақытылы шешілмесе, алдағы уақытта ұлттық экономиканың, соның ішінде өнеркәсіп пен өндіріс саласының әлсіреуіне әкеп соғуы мүмкін.

Сондықтан бүгіннен бастап су ресурстарын тиімді пайдалану, жерді ұқыпты игеру және тозаң инженерлік жүйелер мен электр желілерін шұғыл жаңарту қажеттілігі туындап отыр. Бұл бағытта атом электр станцияларын салу мәселесін жеделдету және коксы өңдеу, коксы жағатын зауыттарды іске қосу қажет. Себебі жақында Атырауда полигондағы коксы өртеніп, экологияға үлкен зиян келтірді. Ал Еуропа және Азияның дамыған елдерінде коксы жағатын зауыттар бар. Олар коксты өртеп, одан энергия мен жылу алады, сол арқылы манайғағы үйлерді электр қуатымен және жылумен қамтамасыз етеді. Ал шыққан күл құрылысқа, жол салуға пайдаланылады. Өкінішке қарай, бізде бар ресурстар әлі де тиімді қолданылмай отыр, дегенмен Қазақстанның бұл сын-кәтерлерді еңсеруге толық әлеуеті бар.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА



БИЗНЕС СПОРТҚА ИНВЕСТИЦИЯ САЛА БАСТАДЫ

Су жаңа стадионға жиналған жүзге «Қайсар» бүгін ұғалы, міне, бүгін гол соғалды» деген үмітпен жиналады. Ел сенім арқан жергілікті қызыл қасқырлар бүгінде кестеде 13-орынға жайғасқан. 2027-2028 жылғы сурокубок маусымына жолама алу үшін таласқан командалар көш басынан көрінуге жатпаласып жатыр. Осыдан біраз күн бұрын әлеуметтік желілерде «Қайсар» футбол клубының қаржылық мәселесіне қатысты даулы ақпарат шыққан болатын. Мәселенің әлқиссасын өртен бастасақ.



2024 облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы лог-жариялап, сол жылғы футболға 1,6 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсау жоспарланды. Ал өңір басшысы Нұрлыбек Нәлібаев халыққа есебінде клуб директоры 5 млрд теңгеге қаржы сұрағанын, алайда әкім футболға ақшаны әлдеқайда аз бөлетінін сол кезден бастап мәліметтен еді.

— Сырттан келген ойыншыларға босқа ақша төлегеннен гөрі тұрғындарға пайдалы маңызды жобаларды қолға алғанмыз жоқ. Маған да клубтың басшысы келіп, «қаражатты көбейтсек, бұдан да жақсы нәтиже көрсетеміз, бірінші орын аламыз» дейді. Бюджеттен 5 млрд теңге бөліп, бірінші болмай-ақ қойдық дедім. «Қайсар» — бюджеттен ең аз қаражат қарастырылған команда, мен оны мойындаймын. Бюджетті жағынан ең төменгі орында тұрғанмыз анық. Бірақ сол ақшаны асылдарда спорты дамытуға бөлгеніміз дұрыс, — деді облыс әкімі.

Иә, бүгінде өңірімізде спорт саласын қарқынды дамыту аясында жұмыстар ауқымды. Мәселен, соңғы төрт жылда аймақ басшысының қолдауымен 24 заманауи спорт кешені пайдалануға берілген екен. Сол жағалаудағы «Генни орталығы», ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған «Инклюзивті спорт орталығы» секілді нысандар еліміздің берілді. Сонымен бірге көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешені де салынуда. Онда олимпиадалық стандартқа сай 50/25 метрлік жүзу бассейні және олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жатығу залы қамтылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Ырабайда өткен Ұлттық құрылтайда барлық облыстарда спорт инфрақұрылымын, соның ішінде стадиондар мен спорт кешендерін салу мәселесіне ерекше тоқталған еді. Тапсырма берілген соң аймақ басшысының ұйымдастыруымен 11 мың орындық «Kaysar Arena» стадионы бой көтерді. Қазір жаңа стадион УЕФА классификациясы бойынша IV санатқа ие. Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет «Kaysar Arena» сияқты басқа өңірлердегі стадиондардың шығындары шамамен 600 млн теңгеден жоғары екенін, өңірдегі осы стадиондар талан-тарахқа түсең, үнемделген, қайтарылған қаражат есебінен жасалғанын жеткізді. Сонымен бірге ол «Қайсар» футбол клубының қаржылық мәселесіне тоқталды.

— 2019 жылы облыстық бюджеттен жергілікті клубқа салыстырмалы түрде 4 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінген еді.

2020 жылы клубқа облыстық бюджеттен 2,6 млрд бөлінсе, 2021 жылы 1,6 млрд теңге бөлініп, команданың 9 легионер алынды. Алайда бәсекелестіктің жоғары болуы және футболшылардың кәсіби деңгейінің төмендігі салдарынан жергілікті команда чемпионатта 19 ұпай еніп, тұрғырлық кестеде 13 орынға жайғасып, бірінші лигаға төмендеді, — деді облыс әкімінің орынбасары.

Нұрлыбек Машбақұлы 2022 жылы облысқа басшы болып келгеннен кейін жергілікті команданың премьер-лигаға өтуіне тиісті талаптар қойып, 605 млн теңгемден жергілікті команда бірінші лигаға ойын орнын көрсетіп жүрді. Одан соң 2023 жылы Қайсарға облыстық бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлініп, жергілікті команда қойылған талап нәтижесінде бірінші лигадан премьер-лигаға өтті.

Кәсіби спортқа басқарудың жаңа тәсілдеріне көшу тиімді әдіс ретінде саналады. Президент тапсырмасына сәйкес, елімізде алғашқылардың бірі болып қызылордалық «Қайсар» футбол клубы 2025 жылдың соңында жеке басқаруға өтіп, клуб Исламғали Қозбақовқа берілді. Бұл қадам отандық спорты нарықтық модельге көшуінің нақты көрінісі еді. Клубтың жеке инвестор басқаруына өтуі бір күнде нәтиже бермейтіні анық. Әлемдік тәжірибеде мұндай трансформация кезең-кезеңімен жүзеге асады.

Осы ретте, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет алдағы 5 жыл бойы жергілікті клубқа облыстық бюджеттен бөлінетін бір көлемде қаржы бөлінетінін айтты.

— Алдағы уақытта қаражат көлемі кезең-кезеңімен азайып, бес жылдан кейін облыстық бюджеттен қаржыландыру толық тоқтатылады. Билы жергілікті клубқа бөлінген қаржы 200 млн теңгеге дейін қысқартылып, 995 млн теңгеге мемлекеттік сапалы алу заңына сәйкес конкурстық негізде, облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, «FAU Group LLC» жеңілдік атанған, — деді Мейрамбек Шермағанбет.

Жекешелендірудің басты артықшылығы — салаға жеке инвестицияны келуі. Бүгінде инвестор тарапынан 18 млрд теңгеге заманауи футбол академиясының құрылысы жүргізілуде. Қазір жұмыс қарқын алып білді негізгі база мен жатығатын 3 алаң күз айларында пайдалануға беру жоспарланған. Жоба аясында 7 толық олимпиадалық және 2 балалар алаңының құрылысы, сонымен қатар жабық мансап бен ойыншыларды қалпына келтіруге арналған медициналық орталық қарастырылған. Ал толыққанды 2027 жылдың соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Клуб иесі Исламғали Қозбақовтың айтуынша, ойын жүйесін дұрыстап, академияны салып, жүйеге қойып, 5-10 жылдық өсімге бағытталған стратегия құру.

— Қайсар футбол клубы жеке меншікке өткенмен, бұл халықтың клубы. Команданың ойынына байланысты мәселелер жоқ емес. Футбол академиясын салуды бастап, жас ойыншыларды әлемдік деңгейге шығарып, мықты команда құруды мақсат етіп отырмыз. Қазір жаңадан бапкер келді. Жастардың қызығушылығын ояту үшін шетелден жалдамалы ойыншы да әкелдік. Академия қабырғасынан тәрбиеленіп шыққан спортшылар болашақта жергілікті «Қайсар» футбол клубын биік шыңдардан көрсетеді деп нық сеніммен айта аламыз, — деді клуб иесі.

Жарғы ғасырдан астам тарихы бар «Қайсар» — тек футбол клубы емес, аймақ бренді. Осы уақытқа дейін 35 бапкер жаттықтырған Қайсар командасы бюджетті ең төмен клубтардың бірі. Бұрынғыдай миллиардтаған қаржы жұмсау тәжірибесі қайта қаралып, тиімділік бірінші орынға шығып отыр. Үлкен маңыздысы, енді негізгі даму жүктемесі жеке инвесторға беріліп, нарықтық модельге жақындауда. Бизнес спортқа инвестиция сала бастады. Бұл қадам отандық футболдың дамуына оны серпін бермек. Айта кетейік, «Қайсар» футбол клубының 2020 жылдан бастап қалыптасқан 753 млн теңге қарызының қазіргі уақытта жартысы жабылды.

Думап КЕҢШЕПЕК



РУХАНИ ҚАЗЫНАНЫҢ ҚАДІРІ

Елімізде кітап оқуды насихаттау бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мектептерде кітап оқу сағаттары, түрлі байқаулар ұйымдастырылады. Бұл — жас ұрпақты кітапқа деген қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды бастамалар. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлмира Рахметова Ұлттық кітап күнінің маңызы ерекше екенін атап айтады.

— Бұл күн — тек кітап оқуды насихаттау ғана емес, жалпы қоғамның рухани деңгейін көтеруіне бағытталған маңызды мереке. Біріншіден, ол адамдарды кітап оқуға шақырады. Қазіргі заманда әлеуметтік желі мен қысқа ақпарат көп болғандықтан, терең ойлауды қажет ететін кітап оқуға уақыт бөлу азайып барды. Осындай күндер сол әдетті қайта жандандыруға ықпал етеді. Екіншіден, бұл күн ұлттық әдебиетті дәріптейді. Қазақ жазушылары мен ақындарының еңбектері таныту, жас ұрпаққа жеткізу өте маңызды. Өйткені кітап арқылы біз тарихымызды, мәдениетімізді, дүниетанымымызды танымыз. Үшіншіден, Ұлттық кітап күні кітапханалар мен авторларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Оқырман мен жазушы арасындағы байланысты нығайтады. Шынымы айтсақ, жастардың кітап оқуға қызығушылығы толық қанағаттандырады деу қиын. Кейбір жастар белсенді оқиды, өз-өзін дамытуға тырысады, ал енді бір бөлігі кітапты сирек қолға алады. Бұған бірнеше себеп бар: әлеуметтік желілердің әсері, қысқа форматтағы контентке үйрену, уақыт тапшылығы немесе кітап таңдауда бағыттың болмауы. Соның салдарынан әдебиетке қызығушылық төмендеп жатады. Дегенмен үміт бар. Қазақ тіліндегі заманауи әдебиет те көбейіп жатыр, бұл да жастарды тартуға жақсы әсер етеді. Менің ойымша, мәселе қызығушылықтың жоқтығында емес, дұрыс бағыт пен көлөмділікте. Қазіргі кезде кітапханаларды заманға сай дамыту үшін көптеген жаңашылдық енгізіліп жатыр. Бұл өзгерістер кітапхананы тек кітап алатын орын емес, мәдени-танымдық орталыққа айналдыруға бағытталған. Біріншіден, коворкинг және шығармашылық кеңістіктер пайда болды. Заманауи кітапханаларда жай оқу залынан бөлек, жұмыс істеуге, топпен талқылау жасауға, идея алмасуға арналған ыңғайлы орындар бар. Екіншіден, интерактивті іс-шаралар көбейді: кітап клубтары, авторлармен кездесулер, шеберлік сағаттары, тренингтер. Бұл жастарды тартудың тиімді жолы. Тағы бір маңызды бағыт — технологияларды енгізу. Мысалы, QR-код арқылы кітап табу, автоматтандырылған кітап беру жүйелері қолданылып жүр, — дейді Гүлмира Шамсутдинқызы.

КІТАП ОҚУ ЖӘНЕ ЕСТЕ САҚТАУ

Кітаптың бала тәрбиесіндегі орны ерекше. Кітап тек білім алудың көзі ғана емес, баланың ішкі жан дүниесін байытып, ойлау қабілетін жетілдіреді.

«Сыр жылдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық және инновация академиясының педагог-психолог маманы Сәуле Жұбатырова айтқанына, кітап оқыған бала қоршаған ортаны тереңірек түсініп, эмоциясын басқаруды үйренеді. Әдеби кейіпкерлердің тағдыры арқылы бала жанашырлық, мейірімділік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Бұл оның әлеуметтік ортада өзін дұрыс ұстауына ықпал етеді.

— Кітап оқыған кезде бала жаңа ақпаратты қабылдайды, түсінуге тырысады. Бұл оның қабылдау қабілетін жетілдіреді. Оқушы мотинді түсіну үшін ойланады, талдайды, оқиға желісін байланыстырады. Соның нәтижесінде оның логикалық және сыни ойлауы дамиды. Сөздік қоры көбейеді, бала өз ойын анық әрі дұрыс жеткізе алатын болады. Сонымен қатар кітап оқу баланың қиялын дамытады, өйткені ол оқығанын көз алдына елестетіп, өз ойында түрлі бейнелер жасайды. Кітап оқығанда бала бірнәрсеге ұзақ уақыт назар аударуды үйренеді. Бұл оның зейінін тұрақтандыруға көмектеседі. Оқығанын есте сақтау арқылы баланың жадысы жақсарыды, — дейді ол.

Психолог ата-аналарға балаларды ерте жастан кітап оқуға баулуды ұсынады. Күнделікті кітап оқу дағдысы баланың тұлғалық дамуына оң әсер етіп қана қоймай, оның болашақта табысты, ойы жүйрік азамат болып қалыптасуына негіз болады.

— Кітаптың психологиялық тұрғыдан тағы бір пайдасы — стресс пен мазасыздықты азайту. Оқу барысында бала өз ойын басқа арнаға бұрып, тынышталды. Бұл оның жүйке жүйесін қалыптастырып, зейінін тұрақтандыруға көмектеседі. Кітап — баланың жан дүниесін байытып, психологиялық тұрғыдан жетілдіретін таптырмас

Басы 1-бетте

құрал. Сондықтан кітап оқуды насихаттау — қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі, — дейді Сәуле Разаққызы.

ОҚЫРМАН БЕЛСЕНДІЛІГІ: САН МЕН САПА

ҚазҰӘК кітапханасының ақпараттық жүйесінде жарияланған деректер оқу мәдениетінің қазіргі ахуалын нақты сандар арқылы көрсетуімен құнды. Статистикаға сүйенсек, кітапхананың ең белсенді оқырмандары — жастар, олардың үлесі 51 пайызды құрайды. Бұл — жас буынның білімге деген сұранысы мен ізденісін бар екенін аңғартатын оң көрсеткіш. Сонымен қатар оқырмандардың 27 пайызы профессор-оқытушылар құрамы, мемлекеттік қызметшілер мен түрлі сала мамандарынан құралған. Яғни, кітап оқу тек жастардың ғана емес, кәсіби орта өкілдерінің де өмірлік қажеттілігіне айналып отыр.

Оқылатын әдебиеттерге назар аударсақ, салалық әдебиеттердің басымдығы анық байқалады — 69 пайыз. Философия, медицина, математика, өнер секілді бағыттарға деген қызығушылықтың жоғары болуы қоғамда білімге, кәсіби дамуға деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді. Ал көркем әдебиеттің үлесі 31 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш төмен емес, дегенмен оқырманның басым бөлігі практикалық және ғылыми білімге көбірек ден қойып отырғанын аңғартады.

Нақты сұранысқа не тақырыптарды талдасақ, медицина саласындағы кітаптарға сұраныс ең жоғары — 23 059 оқырман. Бұдан кейін география (12 105), психология (6 918) және дін (2 305) тақырыптары сұранысқа ие. Бұл көрсеткіштер қоғамдағы қызығушылық бағыттарының да айқын көрінісі деуге болады. Әсіресе, медицина мен психологияға деген сұраныстың артуы — адамдардың денсаулық пен ішкі күйге мән бере бастағанын білгісі.

Көркем әдебиетке келсек, жанрлық тұрғыда романдар көш бастап тұр — 33 пайыз. Детектив жанры — 19 пайыз, тарихи беллетристика — 15 пайыз, қиял-ғажайып — 13 пайыз, шытырман оқиғалар — 12 пайыз, ал балалар әдебиеті — 8 пайызды құрайды. Бұл деректер оқырман тағмынаын әртүрлі екенін және классикалық жанрлармен қатар жеңіл әрі тартымды бағыттарға да қызығушылық бар екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, жастар жылына орта есеппен 10-12 кітап оқиды. Бұл көрсеткішті орташа деңгейде деп бағалауға болады. Сауалнама нәтижесі бойынша жастардың 55 пайызы кітапты білім алу үшін оқиды, 40 пайызы кітап оқуды жақсы көретінін айтқан. Ал 5 пайызы ғана оқуды міндет ретінде қабылдайды. Бұл — жастар арасында кітапқа деген қызығушылықтың бар екенін дәлелдейтін маңызды дерек.

Қорыта айтқанда, статистика оқу мәдениетінің толық жоғалмағанын, керісінше жаңа сипатқа ие болып келе жатқанын көрсетеді. Дегенмен, көркем әдебиеттің үлесін арттыру, оқуды тек білім алу құралы емес, рухани қажеттілік ретінде қалыптастыру алдағы негізгі міндеттердің бірі болып қала береді.

РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ОРДАСЫ

Мемлекет басшысы кітапханаларға ерекше назар аударып, ері калаларда тәулік бойы оқуға істейтін заманауи кітапханалар жүйесін қалыптастыруды тапсырды. Осы арада Астана, Алматы сынды қалаларда жастарға арналған коворкинг-кітапханалар, цифрлық қызметті кеңінен қолданатын орталықтар ашылууда.

2024 жылы кітапханалар еліміздегі ең көп баратын мәдени орынға айналған: бір жылдың ішінде қазакстандықтар кітапханаларға 55,4 миллион рет барған, бұл көрсеткіш кинотеатрға барудан 2,5 есе артық. Бұл дерек халқымыздың кітапқа, білімге құштарлығы әлі де жоғары екенінің дәлелі. Демек, кітапхана ісіне салынған инвестиция өз жемісін беріп, халықтың рухани орталықтарыға бетбұрысы артып отыр.

Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылордада заманауи кітапхана салынатыны туралы атап айтты. Бұл бастама — өңірдің мәдени-рухани дамуына серпін беретін маңызды қадам. Кітапхана — білімнің, рухани құндылықтардың ордасы. Заманауи талаптарға сай салынатын кітапхана аймақтың зияткерлік әлеуетін нығайтып, рухани дамуына оң ықпал етері сөзсіз. Әсіресе жастардың білімге қызығушылығын арттырып, жаңа форматтағы ақпарат пен білім ордасын қалыптастыруға жол ашары анық.

Айтқалың БАТЫРБАЙҚЫЗЫ



Мектеп – өрендердің талантын шыңдап, түлеп ұшар тұғыры. Ұлттың рухани байлығы терең білімінде болса, ұстанар бағыты – тәрбиесінде. Ал білімнің сарқылмас көзі мектепте. Сапалы білім – болашаққа құйылған инвестиция.

Қала мектептерінің ішінде саналы тәрбие, сапалы білім беріп отырған тарихы тереңнен бастау алған Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектептің орны ерекше. Өрине, оқушының жеткен жетістігі, шыққан шыңында мектеп мұғалімдерінің еңбегі ұшан-теңіз.

Мұғалімдердің үздіксіз кәсіби даму үдерісі жүйелі жолға қойылған. Үш жыл сайын дәріс беретін пәндері бойынша білім жетілдіру курстарынан өткізіліп, білімін шыңдап отырады.

– Заман талабына сай, цифрландыру дәуірінде мектеп мұғалімдері ЖИ курсына толықтай меңгерген. Білім беру үдерісінде цифрлық платформаны, электрондық құрылғыны еркін игереді. Қала мектептеріндегі семинарда жаңашыл сабақ көрсетіп, шеберлік сағат өтіп, оқушылары шығармашылық байқауда, пәндік олимпиадада жеңіс төрінен көрініп, мектеп мерейін көтеріп жүрген мұғалімдермен мақтанамыз. Атап айтар болсақ, қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Г.Абдуқадирова, П.Сахиева, Г.Қонысбекова, география пән мұғалімі Ж.Боранбаева, тарих пәні мұғалімі Г.Қожамбердиева, математика пәні мұғалімі М.Әли, информатика пән мұғалімі Ә.Бименова, бастауыш сынып мұғалімдері К.Баймашева, Қ.Жұмаева, М.Жұмабекова, көркем еңбек пән мұғалімдері Ә.Дабдылова мен А.Қожахметов, денешынықтыру пән мұғалімдері Н.Убаев пен А.Жуасты ерекше мақтаншыпен атауға болады, – дейді мектеп директоры Майра Өмірзаққызы.


ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНЕ МӘН БЕРГЕН МЕКТЕП

ЖЕТІСТІК АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

2025-2026 оқу жылы бойынша жалпы білім беретін пәндерден республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңіне 9-11 сыныптар бойынша 27 оқушы қатысып, 11 оқушы жүлделі орын иеленген. 7-8 сыныптар бойынша 22 оқушы қатысып, 12 жүлде алған. 5-6 сыныптар арасында 7 оқушы жүлдеге ие болған. «Зерде» ғылыми жобалар қорғау байқауына 15 оқушы қатысып, 5 жүлдемен оралса, «Дарын» ғылыми жобалар байқауында 1 оқушы облыстық кезеңнен II орынға қол жеткізген. Оқушылар арасындағы түрлі шығармашылық байқаудан 28 оқушы қалалық, 4 оқушы облыстық кезеңнің жүлдесіне ие болды.

Ал мұғалімдер арасында «Педагогикалық идеялар» фестивалі – 2025 қалалық байқауында – 2 мұғалім, «Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдерінің олимпиадасында 3 мұғалім жүлдемен оралып, білім ұясының мәртебесін көтерген.

Тәжірибелі, білікті мұғалім, математика пәнінің мұғалімі Үлбике Үрестемова ҚР Оқу-ағарту министрінің «Құрмет грамотасымен», «педагог-зерттеуші», қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, мектеп директорының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Нұрғұл Қуатова «Білім беру ісіннің құрметті қызметкері» төбелгісімен марапатталған.



«Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес, қалалық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен мектепте «Математика, физика, информатика пәндеріндегі технология мен жасанды интеллект» тақырыбында қала мектептеріндегі математика, физика, информатика пәндері мұғалімдерінің қатысуымен қалалық семинар өтті. Төрт бөлімде ұйымдастырылған семинардың бірінші бөлімінде «ЖИ-ді жауапты пайдаланудың мектепшілік кодексі» екі бағытта таныстырды. Математика, физика, информатика пәндері бойынша оқушылар мен пән мұғалімдері зертханалық жұмыстардың цифрлық тәжірибелерді көрсетті.

Екінші бөлім «Ашық сабақтар шеруі» математика пәнінен М.Ереуланова, физика пәнінен Г.Жұмаш, информатика пәнінен Ә.Бименовалардың ашық сабақ көрсетті.

Математика-информатика, информатика – математикалық сауаттылық, цифрлық технология-математика бағыттары бойынша қызықтау кіріктірілген шаралармен семинардың үшінші бөлімі өтті. Бұл бөлімде тәжірибелі, жаңашыл ұстаздар С.Қыпшабаева мен Ә.Махашева, М.Әли мен Г.Әшімова, А.Алмағанбетова өз тәжірибесін бөлісті.

Мектеп директорының айтуынша, мектепте мұғалімдерді шығармашылық шыңдау, инновациялық қолдау мақсатында дәстүрлі түрде жылына екі рет қалалық семинар, мектепшілік ата-аналар үшін ашық есік күндері, пән бірлестігінің онкүндігі жүйелі өткізіледі. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен оқушылардың тек білім алуына ғана емес, тұлғалық қасиетін дамытуға назар аударылады.

Мәселен, бұл бағытта «Қамқор», «Еңбегі адал жас өрне», «Шабдыт», «Ұшқыр ой алаңы», «Мектеп Парламенті», «SMARTaba», «Балалар кітапханасы» жобалары жүзеге асуда.

Жас ұрпақты тәрбиелеу – тек мектептің ғана емес, ата-ана мен қоғамның ортақ міндеті. Осы тұрғыда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында іс-шаралар ұйымдастырылады. Соның ішінде «Үштік одақ» (мектеп-ата-ана-оқушы) қағидаты негізінде жүзеге асырылған жұмыстың орны ерекше. Бұл ынтымақтастық оқушының жан-жақты дамуына, оның тұлғалық қалыптасуына оң әсерін тигізуде.

Білім ордасында «Үштік одақ» аясында ата-аналар жиналысы жана үлгіде өткізіліп, ашық диалог алаңында ата-аналар мен мұғалімдер бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселені бірге талқылап, ортақ шешім қабылдайды. Сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен тәрбие сағаттары, шеберлік сабақтары, отбасылық сайыстар өткізіліп, олардың мектеп өміріне белсенді араласуына мүмкіндік жасалған.

Мектептегі ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы «Даналық мектебі» жобасы аясында облыстық ардагерлер кеңесі жанындағы «Әжелер алқасы» қоғамдық бірлестігінің қатысуымен «Әже – кемел келесіңе ақыл үлестіруші кеменгер» тақырыбында қалалық семинар өтті.

– Мақсатымыз ұлтымыздың асыл қасиетін бойына сіңірген асыл әжелердің ұрпақ сабақтастығындағы орны мен еңбегін дәріптеу, Отбасы құндылығындағы парасаттылығын, ұлт тәрбиесінің тамырын тереңнен тартқан әжелердің қоғамдағы орнын айшықтайтын ізгі шара болды. Облыстық әжелер алқасымен екіжақты шарасы жалғасын таба береді. Сонымен қатар мектепте ұлттық ойындар арқылы білім алушылардың құндылыққа негізделген шығармашылығын шыңдауға қыз балалар арасында «Бес асық», ер балалар арасында «Асық ату» үйірмелері жолға қойылған. Үйірме жетекшілері Нұрбек Убаев пен Арайлыс Жуастың шәкірттері облыс, республика деңгейінде биік шандарды бағындыруда. Биылғы оқу жылының ерекшелігі, мектеп «Заң және тәртіп» пилоттық жобасымен жұмыс істеуде. Прокуратура мамандарының жоспарына сай танымдық, түсіндіру жұмысына оқушылар белсенді қатысуда.

Оқушыларымыздың қауіпсіздігі мен тәртібі, адалдығы мен амандығы үшін жобаның маңызы зор. – дейді мектеп директоры.

Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылыққа негізделген білім мен тәрбиені сіңдіре отырып, нәтижеге қол жеткізуде мектеп ұжымы аянбай еңбек етуде.

Ерекше оқушымен жұмыс істеу жолға қойылған. Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше оқушымен жұмыс істеу – өзекті мәселенің бірі. Әрбір бала – жеке тұлға, ал ерекше оқушылар ерекше көзқарас пен қолдауды қажет етеді. Сондықтан мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың әлеуетін ашып, қоғамға бейімдеу. Ерекше оқушымен жұмыс кешенді жүргізілуі тиіс.

Ерекше оқушымен жұмыс үлкен жауапкершілікті, сабырлықты және кәсіби шеберлікті талап етеді. Әрбір мұғалім баланың жүрегіне жол таба білсе, оның мүмкіндігі шексіз екенін көруге болады. Ең бастысы, әр баланы қабылдау, түсіну және қолдау. Бұл бағытта да мектепте тындырымды жұмыс атқарылады.

МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫ

Білім ұясында «Мектеп пен отбасы: бір мақсат, ортақ тәрбие, сапалы білім» тақырыбында ата-аналарға арналған ашық есік күндері өтеді. Ата-аналар үшін пәндер бойынша ашық сабақтар, тәрбие сағаттары, ана мен қыз арасындағы «Инабатты қыз – ибалы елдің көркі» атты тренингі, әкелермен «Әке мен бала арасындағы сенім» тренингі, «Салауатты отбасы – бақытты болашақ» тақырыбында спорттық ойын, «Ұшқыр ой алаңы» жобалар жұмысы, «Бір кітап – мың идея» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылған. Іс-шара аясында «Жамбыл мұрасы – мәңгілік қазына» тақырыбында мектеп театры жобасының қойылымы өткен. Ата-аналар мектептің оқу-тәрбие жұмысын көріп, алғыс білдірген. «Бала болашағы – мектеп пен отбасының бірлескен еңбегінің нәтижесі. Екі тарап бір мақсатқа жұмылып, өзара түсіністік пен сенімде әрекет еткенде ғана тәрбие тиянақты, білім сапалы болмақ. Ұрпақ тәрбиесінде мектеп пен отбасының тығыз байланысы – қоғам дамуының берік негізі» дейді ұйымдастырушылар.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру саласына цифрлық технология мен жасанды интеллектті жедел енгізуді тапсырған еді. Әлем жаңа технологияға қадам басты. Оның басты белгісі – инновацияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллекттің өмірге деңдеп енуі. Енді білім беру ұйымының міндеті – жаһандық үрдіске бейімделіп, білім беру жүйесінде цифрлық технологияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллектті игеру білім саласындағы қиындықты еңсеріп, оқу сапасын арттыруға жол ашады.

Осы міндетті орындау мақсатында Н.Ергешбаев атындағы №172 орта мектепте «Сөз бен сана синтезі: көркем әдебиет пен жасанды интеллектті STEM пәндерінде кіріктіру арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбында қалалық семинар өтті.

Семинарға облыстық оқу орталығының өкілдері, қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, математика, физика, информатика пәнінің мұғалімдері қатысты. Іс-шараның мақсаты – білім беру үдерісінде панаралық ықпалдастықты дамыту, көркем әдебиет пен жаратылыстану пәнімен жасанды интеллект мүмкіндігін үйлестіру арқылы оқушылардың ойлау қабілетін, шығармашылық әлеуетін және сауаттылығын арттыру.



Жиында сөз алған қалалық білім бөлімінің әдіскері Аян Оңдасынов семинар жұмысына сәттілік тіледі. «Жасанды интеллект пен кітап дәнінені болашақ білімнің көкжиегі» тақырыбында математика, физика және информатика пәні мұғалімдері жасанды интеллекттің көмегімен ашық сабақ өткізді.

Шеберлік сағаттары қала педагогтарының кәсіби шыңдалуына, өзара тәжірибе алмасуына, білім берудің жаңа трендтерін игеруіне негіз болмақ.

Бүгінде тәжірибе алаңына айналып, өз шеберлігін қала мектептерінің мұғалімдеріне үлгі етіп отырған Н. Ергешбаев атындағы №172 орта мектеп 2023 жылдан бастап «Оқитын мектеп – табысты мектеп» жобасы аясында облыстық тірек мектеп ретінде жұмыс істеп келеді.

– Жоба шеңберінде мектеп ұжымы көркем әдебиетті оқу мәдениетін қалыптастырумен қатар, оны жаратылыстану пәндерімен кіріктіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, ғылыми кітапханалар мен бірлескен облыстық семинарлар, вебинарлар, шеберлік сыныптары, республикалық челленджер мен тәжірибе алаңдары ұйымдастырылып, педагогтардың кәсіби дамуына серпін берілуде. Жүйелі жұмыс нәтижесінде білім берудің мазмұны тек ақпарат берумен шектелмей, оқушының ойлау, сезіну, талдау және тұлғалық қалыптасу үдерісін қамтитын кешенді жүйеге айналып отыр. Көркем әдебиет пен жаратылыстану пәндерін кіріктіру – оқушылардың тұтас ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік беретін тиімді тәсіл ретінде қарастырылуда, – дейді мектеп директоры Мария Байділдаева.

Семинар бағдарламасы аясында зияткер педагогтар арасында «Digital Science: Сандық ғылым» атты зияткерлік сайыс ұйымдастырылды. Сайысты Қорқыт ата атындағы университетінің «Кітап құрттары» кітап клубының жетекшісі Әмір Ізбасар өткізді.



Жарыс педагогтардың логикалық ойлау қабілетін және командалық жұмыс дағдысын дамытуға бағытталды. Семинардың тәжірибелік бөлігінде №172 мектеп директорының оқу ісін жөніндегі орынбасары Мәриям Аяпова «Идеядан іске асыруға дейін» тақырыбында TEDx форматында өз тәжірибесін ортаға салып, білім беру саласындағы инновациялық идеясын ұсынды.

– Біздің жобамыз «Білім туралы» заң мен білім беруді дамыту бағдарламасына сүйене отырып, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, рухани дамуына және ұлттық құндылықты дәріптеуге бағытталған.

Кіріктірілген сабақтарда әр пән мұғалімі көркем әдебиетті сабақ мазмұнымен ұштастыра отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға жұмыс жасады. Мысалы, математика сабағында Б.Алтынсариннің шығармалары қолданылды. Информатикада Абай Құнанбайұлы қара сөздері пайдаланылды. Ал жылжымалы тақта «Quiz Doda» – логикалық және сыни ойлауды дамыту, «Bigen Doda» – ойын арқылы білімді меңгерту. Бұл жобалар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, белсенділігін күшейтіп, білім сапасын жақсартуға ықпал етті.

Жобаның тиімділігінің нақты дәлелі білім сапасы 60,6%-дан 61,5%-ға өсіп, грант иегерлерінің саны да артты. Ең бастысы, кітап оқитын, ойлайтын, саналы ұрпақ қалыптастыруға жол ашты, – дейді М. Аяпова.

Жиын соңында қатысушылар өз пікірлерін білдіріп, ұсыныстарын ортаға салды. Ұстаздардың тәжірибесін шыңдаған семинар – білім беру жүйесіндегі өзекті бағыттың бірі панаралық интеграция мен цифрлық технологияны тиімді пайдаланудың жолын көрсетті. Іс-шара нәтижесінде педагогтар жаңа әдістемелік идея алмасып, оқыту сапасын арттыруға бағытталған нақты тәжірибелерді өздерінің сабақ барысында қолдануға негіз қалады.

Бетті дайындаған Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

КӨКТЕМГІ ТІРШІЛІК ПЕН ТАЗАЛЫҚ ТЫНЫСЫ

Мекеменің негізгі күші – еңбек адамдары. Тазалық бөлімінде 204 қызметкер күнделікті қаланың санитарлық жағдайын қадағалайды. Қоғалдандыру және су жеткізу бөлімдерінде 45 адам еңбек етсе, 79 жұқ тиеуші мен 50 қосалқы қызметкер жұмыс істеуде. Сонымен қатар 3 диспетчер жүйелі үйлестіру жұмысын атқарады.

Президент бастамасымен еліміздің барлық өңірін қамтыған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүргізілуде. Мемлекет басшысы бұл акцияның көше тазалаудан әлдеқайда ауқымды ұғым екенін айтты. Қоғамға экологиялық мәдениетті енгізу идеясынан бастау алған акцияға Қызылорда тазалығы мекемесі де белсенді атсалысып келеді. Қала аумағында ауқымды санитарлық тазалық жұмыстары жүргізіліп, көшелер мен қоғамдық орындардың тазалығын сақтау назардан тыс қалған емес. Мамандар күн сайын белгіленген аумақтарды қызылорда тазалық жол жиектерін ретке келтіріп, тұрғындар үшін жайлы әрі көрікті орта қалыптастыруға күш салауда.

Яғни акцияның негізгі идеясы – өркениетті елдер ұстанатын тазалық пен табиғатты

Басы 1-бетте



аялдауды ұлттық болымысымыздың ажырамас бөлігіне айналдыру.

Өкінішке орай, кейбір тұрғындар қоқысты ретсіз тастап, көше қоқыс полигонына айналып кететін жағдайлар да кездеседі. Сонымен бірге аяқсудың жетуіне кедергі келтіретін жеке сектор мен кәсіпкерлік нысандар орналасқан аумақтарда арық жүйелерінің бітелуі, толықтай көмілгені анықталған. Бұл әрқайсымыздың қоршаған ортаға деген жауапкершілігіміздің деңгейін көрсететін мәселе.

Тазалық тек арнайы мекеменің ғана міндеті

емес, ол – барша қоғамға ортақ құндылық. Қоқысты рұқсат етілмеген орындарға тастау заң бұзушылық болып саналады және мұндай әрекеттер үшін айыппұл қарастырылған. Сондықтан әрбір тұрғын өз ісіне жауапкершілікпен қарап, қоқысты белгіленген орындарға апарып, туган қаланың тазалығына үлес қосуы тиіс.

Қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мен жасыл желектер санын арттыру – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Бұл ретте аяқсу жүйесінің тиімді жұмыс істеуі шешуші рөл атқарады. Ең алдымен, қолданыстағы аяқсу арналары тазартылып, қайта қалпына келтірілуде. «Қызылорда тазалығы» мекемесі басшысының орынбасары Ерлан Онласыновтың айтуынша, қала ішінде



13 жерде 18 насос қондырғысы іске қосылып, су жеткізу мүмкіндігі айтарлықтай артқан. Сонымен қатар су үнемдеу технологияларын енгізу және ресурсты тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде.

Қаланың шеткі және жаңадан игеріліп жатқан тұрғын аудандарында аяқсу жеткізу мәселесі әлі де өзекті. Бұл аумақтарда инфрақұрылымды толық қалыптастыру уақыт пен қосымша ресурсты талап етеді. Ал аяқсу жетпейтін жерлердегі жасыл желектер қараусыз қалмайды. Мұндай аумақтарда ағаштар арнайы су тасымалдаушы техникалардың көмегімен суарылады. Жоспарлы түрде жүргізілетін бұл жұмыстар қаланың жасыл желегін сақтауға мұмкіндік береді. Су жеткізу жұмысын «КазСтройКапитал» мекемесінің арнайы техникаларымен жүзеге асырады.

Алдағы жоспарлар да ауқымды. Аяқсу жүйесін толық жаңғырту, жаңа тұрғын аудандарына су желілерін тарту және автоматтандырылған суару жүйелерін енгізу көзделіп отыр. Бұл бастамалар Қызылорданың экологиялық жағдайын жақсартып қана қоймай, қаланы шын мәнінде жасыл аймаққа айналдыруға жол ашады.

«Қызылорда тазалығы» кәсіпорны күн сайын көзге көріне бермейтін, бірақ қала өмірі үшін аса маңызды қызметті атқарып келеді. Ал қаланың тазалығы – тек коммуналдық қызметтің жұмысы емес, ол – барша халықтың ортақ мәдениеті мен жауапкершілігінің айнасы. Таза қала өзіміз үшін, келешек ұрпақ үшін маңызды.

Думан КЕҢШІЛІК



ҚАЛАҒА АЯҚСУ КЕЛДІ

Бүгінде аяқсу желісін тазарту жұмыстары қарқынды. Біз «Жақас» қаналын тазарту жұмыстарын көріп қайттық. – Н.Назарбаев, Абай даңғылы бойындағы арық жүйелері толық тазаланды. Өткен аптадан бастап қаладағы су сорғыш қондырғысы арқылы орталық көшелерге аяқсу барлады. Осы кезде «Сыр ана» монументі жағдайда «Арай», «Саяжай» шағын ауданы тұрғындарына аяқсу беріледі. Ал шеткі аймақ бойынша аяқсу жүйелерінің бітелуі, толықтай көмілгені анықталған. Бұл әрқайсымыздың қоршаған ортаға деген жауапкершілігіміздің деңгейін көрсететін мәселе.

Қаладағы субұрқақтар іске қосылды. Бүгінде қала келбетіне айналған субұрқақтар «Ақмешіт-Сырлария» орталық мешітінде, сол жағалауда, орталық алаңда, Отбасы орталығының алдында, теміржол вокзалында, Президент саябағында және тағы да басқа бірнеше жерде орналасқан.

КӨШЕЛЕРГЕ СӘН БЕРГЕН СУБҰРҚАҚ

Соңғы жылдары қалада субұрқақ көбейді. Әсіресе, Президент саябағындағы субұрқақ заманауи талаптарға сай жасалған. Бұл орын бүгінде тек серуендеуге арналған орын ғана емес, тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізетін, мәдени демалыс орталығына айналып отыр. Президент саябағында орнатылған жаңа субұрқақтар күндізгі уақытта ыстық күндері салқындық сыйлап, ал кешкі мезгілде түрлі-түсті жарықтармен көмкеріліп, ерекше көрініс сыйлайды. Мұнда серуен жолдары кеңейтіліп, орындар орнатылып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған.

Қала тұрғындары бұл өзгерістерді ерекше ықыласпен қабылдауда. Солардың бірі Айлана Қуанышқызы субұрқақты тамашалағанды ұнататынын жасырмады.

– Субұрқақтар – қаланың сәні мен көркі. Олар айналыны көріктендіріп қана қоймай, жаз мезгілінде

тұрғындарға салқындық пен сергектік сыйлайды. Орталық алаңдағы субұрқақтар өте әдемі. Кешкі уақытта балаларымды ертіп осында серуендейміз, бәрі таза әрі жайлы, – дейді ол.

Ал «Болашақ» университетінің студенті Нұрсұлтан Әбілқайыр субұрқақ адамның көңіл күйіне әсер ететінін атап айтты.

– Орталық парк бұрынғыдан мүлде өзгерген. Достарымызбен жиі келіп, бос уақытымызды тиімді өткіземіз. Бұрын жастар үшін серуендейтін жер аз болды. Қазір кешкісін Президент саябағына барып, таза ауамен тынығып жүреміз. Ол жердегі субұрқақтар кешкісін адамға керемет әсер береді. Субұрқақтардың түрлі түске енуі адамның көңіл-күйіне жақсы әсер етеді, – дейді қала тұрғыны.

Кешкілік уақытта субұрқақтар маңына жиналған халықтың қарасы көбейіп, қаланың жаңа

тынысы сезіледі. Жалпы алғанда, бұл қала дамуына оң әсер етіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған маңызды бастамалардың бірі. Қаланың жанарған келбеті тек тұрғындарға ғана емес, өңірге келетін қонақтар үшін де ерекше әсер қалдыруда. Заманауи субұрқақтар мен абаттандырылған саябақтар қала мәдениетінің дамып келе жатқанының айқын көрінісі.

Мадина ТЕНГІЗБАЙ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті



Басы 1-бетте

Айтқолын АЙТЖАНОВА

«Ақмешіт-Сырлария» КОМПАНИЯСЫ

Меншік иесі: **СЫР МЕДИА** жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор **Марат АРАЛБАЕВ** Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы Бас редактор **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА**

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021) **Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Атқасыз 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. **Таралымы 3858 Тапсырыс №653**

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.